

ӘОЖ 331.5:314; 331.101.23

К.А. Абенова

Т. Рысқұлов атындағы ҚазӘУ, Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: abenova_66@mail.ru

Отбасы табысын құраушы экономикалық факторлар

Мақала отбасы табысын құраушы экономикалық фактор ретіндегі табыс көздері мен әлеуметтік бағдарламалардың Қазақстандағы кедейлікті төмендетуге әсерін талдауға арналған. Сонымен қатар 2001-2010 жылдар аралығындағы кіріс көзі түрлерінің өзгеруі тенденциясын анықтау, мемлекеттің халықты әлеуметтік қорғау саясатын бағалау, әлеуметтік қорғауға байланысты халықтың өмір сүру деңгейі, кіріс көздері мен шығыстары, кедейліктің себептері мен оны анықтаудың халықаралық тәжірибелері туралы ақпараттар мен мәліметтер берілген. Бұл көрсеткіштерді зерттеу олардың мемлекеттік бағдарламалар және саясатпен қатынасын қарастыра отырып, халықтың өмір сүру деңгейіне әсерін түсінуге мүмкіндік береді. Берілген ақпараттар кәсіпкерлікке жағдай жасау механизмдерін түсіну және мемлекеттегі кедейлік пен теңсіздікті қысқарту үшін кірістерді нәтижелі бөлуге бағытталған мемлекеттік саясатты құруға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: отбасы табысы, кіріс көздері мен шығыстары, халықтың өмір сүру деңгейі, кедейлік себептері, кедейлікті төмендету, халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік саясат.

К.А. Abenova

Economic factors that make up the family income

The article analyses the sources of income as an economic factor that make up the family income and the impact of social programs to reduce poverty in Kazakhstan. Also, given the information and information about how to determine trends in the types of sources of income for 2001-2010, the policy is evaluated States on social protection of the population.

Key words: family income, sources of income and expenditure, the living standard of the population, the causes of poverty, poverty reduction, social protection, social policy.

К.А. Абенова

Экономические факторы, составляющие доходы Семей

В статье анализируются источники доходов семьи и влияние социальных программ на уменьшение бедности в Казахстане. Также даны информации и сведения об определении тенденции динамики видов источников доходов на 2001-2010 годы, оценивается политика государства о социальной защите населения.

Ключевые слова: доходы семьи, источники доходов и расходов, уровень жизни населения, причины бедности, уменьшение бедности, социальная защита населения, социальная политика.

Әлеуметтік мемлекеттің ең маңызды тапсырмасы, бұл – халық кірісінің өсімі, яғни халықтың өмір сүру деңгейінің өсуін және мемлекеттегі кедейліктің төмендеуін қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы осындай мемлекеттердің қатарына жатады. Қазақстан-2050 стратегиясында және 1997-2012 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасы Президентінің халыққа жолдауларында белгіленгендей, мемлекеттік саясаттың басты мақсаты – халықтың әлеуметтік әл-ауқатын

көтеру, Қазақстан азаматтары тұрмысының жақсаруы мен гүлденуі және халыққа әлеуметтік қолдау көрсету мәселелері болып табылады. Осыған байланысты, табыс көздері мен әлеуметтік бағдарламалардың Қазақстан Республикасындағы кедейлікті төмендетуге әсерін сараптау мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық басымдықтарына сәйкес келуімен анықталады.

Отбасы жағдайы әртүрлі материалдық және рухани үрдістермен сипатталады. Ол қоғамның әлеуметтік әл-ауқатының күші мен әлсіздігін

сипаттайды немесе отбасы – ол әлеуметтік-экономикалық және рухани мүдделерді жүзеге асыру үшін саналы түрде ұйымдастырылған топ.

Бүгінгі қазақстандық қоғамның қайшылықтары мен оның барлық проблемалары және оның дамуындағы өтпелі кезеңнің қиыншылықтары жалпы отбасына және жекелей түрде оның экономикалық қызметіне әсер етеді. Бұл қызмет негізгі екі бөліктен тұрады: отбасының экономикалық өмірлік қызметінің өндірістік-шаруашылық және шаруашылық-тұрмыстық жақтары. Қызметтің екі құрамдас бөліктерін халықты өндірістік ұйымдастыру, балаларды қамтамасыз ету мен оның жағдайын қадағалау, әлеуметтік институт ретіндегі отбасының негізгі спецификалық қызметтерді жүзеге асыруда материалдық қамтамасыз етуді қажет етеді.

Қазақстандық қоғам дамуының өтпелі кезеңі әлеуметтік-экономикалық формацияның өзгерісімен, өндірістік қаржының жеке меншікке негізделген нарықтық қатынастарға көшуімен, терең экономикалық дағдарыспен және барлық әлеуметтік өмірдің аномиясымен детерминацияланған. Бұл кезеңде отбасының экономикалық пысықталуы орын алады, қажеттіліктер мен жеке меншікті қалыптастыруға, отбасылық байлықты жинақтау мен мұрагерлікке қалдыруға бағытталған экономикалық қызмет модернизацияланады және ұлғаяды. Отбасының негізгі спецификалық емес қызметі ретіндегі экономикалық қызметінің мазмұны мен сипатының модернизациясы отбасының қоғамға қатысты автономиялық деңгейі анық сипатталады.

Заманауи әлемдік экономикалық ой отбасын ең басты тұтынушы және өндіруші ретінде қарастырады. Басқаша айтқанда, отбасы – үй шаруашылығы болып табылады, ал ол макроэкономиканың бастапқы көрсеткіші. Ол құрамында бір немесе бірнеше тұлға болатын экономикалық бірлік ретінде көрініс табады. Отбасы өз бетімен шешімдер қабылдай алады және белгілі бір өндірістің иесі болып табылады (заманауи жағдайда көбіне жұмысшы күші).

Қоғамда әлеуметтік-экономикалық үрдістер тығыз байланыста болғандықтан, бұл қатынаста ортақ шаруашылықты жүргізетін, табыс көзі ортақ, туыстық және туыстық емес қатынастағы немесе осы екеуін де үй шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық бірлігі ретінде қарастыру қажет.

Отбасыға қарағанда ортақ үй шаруашылығын

жүргізетін мүшелердің сәйкестігі немесе туыстығы міндетті емес: оның құрамына тұрғындар, зейнеткерлер, қызметшілер мен басқа да тұлғалар кіреді және ол құрам өзі тұратын жалғыз адамнан немесе бірнеше тұлғадан тұрады [1. 127 б.].

Отбасының экономикалық функцияларын жүзеге асыруға бір жағынан әлеуметтік-экономикалық құндылықтар және құндылықтар құрылысы мен бағыттылығы, қоғамның өмірлік мақсаттары мен идеалдарының жүйесі, екінші жағынан отбасы мүшелерінің субъективтік артықшылықтары, олардың бейімділігі, тұлғалық мінезі, тұтынушылық қажеттіліктері, мәдени дамуы мен білімділік деңгейі, ұлттық ерекшеліктері мен конфессиондық қажеттіліктері әсер етеді.

Адамды тұлға ретінде қалыптастыру үшін оны отбасында инфантилді тұтынушы емес өз күшіне сенетін еңбеккер етіп тәрбиелеу қажет. Бұл балаларды еңбекке, кәсіби бағытталуға және экономикалық тәрбиеге даярлау деген мағына береді.

Экономикалық функцияның әртүрлі бағыттары бір-бірімен тығыз байланыста. Оның әрқайсысы отбасы экономикасының белгілі бір нақты көрінісін сипаттайды. Отбасы үй шаруашылығын жүргізуге, еңбек күшін өндіру мен жүргізуге, тұтынушылық сұраныстың қажетті деңгейін қамтамасыз етуге, инвестициялық қаржыны қалыптастыруға, жеке бизнеске байланысты әртүрлі проблемаларын шешеді.

Экономикалық реформалар кезеңіндегі қазақстандық отбасылардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын қарастыраған кезде нарықтық экономикада отбасы мемлекет саясатының пассивті объекті емес маңызы зор ел экономикасының алдыңғы қатарлы толыққанды субъекті ретінде әрекет ететінін айта кеткен жөн. Отбасының әл-ауқаты мен экономикалық жағдайы отбасы мүшелерінің өмірлік қамтамасыз етілуіне жағдай жасау сол отбасының күшімен жүргізілетін экономикалық қызметке байланысты болады.

Отбасының экономикалық қызметі екі негізгі түрде көрініс табады: отбасынан бөлек және отбасы ішілік. Отбасынан бөлек қызмет меншік түрлерінің әртүрлі формасында қызмет атқаратын ұйымдар мен кәсіпорындардағы еңбектен түскен кірістен құралған отбасының материалдық жағдайы. Отбасы ішілік экономикалық қызметтің негізгі түрлеті:

– өнім өндіру бойынша қызмет пен жеке отбасыишілік қажеттіліктерді қамтамасыз етуге байланысты қызмет көрсету (үй шаруашылығын жүргізу);

– жеке қосалқы шаруашылықты жүргізу;

– жеке тұлғалар мен ұйымдар үшін өнім өндіру мен қызмет көрсету;

– отбасылық және жеке меншіктерді пайдалану немесе қосымша табыс табу мақсатында оны жинақтау.

Экономикалық қызметтің жоғарыда келтірілген түрлерін микродеңгейде жүзеге асыру арқылы отбасы макроэкономикалық масштабта маңызды мағынаға ие болады, өйткені ол жалпы тұтынушылық және ішінара инвестициялық сұраныстарды қанағаттандыратын маңызды тұтынушы болып табылады. Отбасы өндірістің маңызды факторы – жұмысшы күшін қалыптастыратын орта. Отбасы мүлкі, отбасының жеке меншігі жалпы алғанда мемлекет байлығының элементтері, ал отбасы жағдайының жақсаруы жалпы қоғам байлығының көбеюінің шарты болып табылады. Сонымен қатар ақшалай қаражатты жинақтай отырып отбасы мемлекеттің инвестициялық ресурстарының көзі бола алады. Сонымен, отбасының экономикалық жағдайы мен мемлекеттің жалпы экономикалық жағдайы бір-бірімен тығыз байланыста және бір-бірін толықтырып отырады.

XX ғасырдың 90-жылдары Қазақстанның экономикалық жағдайының жай-күйі бір жағынан дағдарыстық көріністердің сақталуымен, ал екінші жағынан белсенді алға жылжулармен сипатталды. Фермерлік шаруашылықты, шағын және орта бизнесті жүргізуге мүмкіндіктер пайда болды. Осындай мүмкіндіктердің барлығы 90-шы жылдардағы жеке меншіктің түрлі формаларының эволюциясына негізделген экономикалық қатынастардың маңызды өзгерістерінің нәтижесі болды. Қоғамдық өмірдің субъектісі ретінде отбасы әлеуметтік-экономикалық қатынастардың өзгерісі кезеңіндегі түбегейлі өзгерістерден тұрады. Жеке меншіктің көптеген түрлерінің дамуы мен экономиканың көп қырлығына байланысты отбасының жаңа әлеуметтік-экономикалық типтері пайда болды. Экономикалық өзгерістердің бастапқы кезеңінде отбасының әлеуметтік-экономикалық типтері социалистік экономикалық жүйе кезіндегідей болды. Ондағы өндіріс қаражаты мемлекеттік және ұжымдық-шаруашылық

меншікке негізделді және жұмысшылар, қызметшілер, шаруалар, зейнеткерлер және оқушылар отбасыларымен жүзеге асырылды. Қалыптасқан қатынастармен қатар нарықтық қатынастарда отбасының жаңа әлеуметтік-экономикалық типтері пайда болды: фермерлер, кәсіпкерлер отбасылары, әртүрлі жеке меншік формаларындағы кәсіпорындар мен ұйымдарда қызмет ететін жалдамалы жұмысшылар отбасылары, экономикалық белсенді емес халық отбасылары (зейнетақы, шәкіртақы және басқа да мемлекеттік трансферттерді алушылар, үй шаруашылығындағы жеке меншіктерден түскен табыстар).

Отбасының әлеуметтік-экономикалық құрылымының өзгеруі қазақстандық қоғамның таптарғы бөлінуімен қатар жүрді, нарықтық жүйеге сәйкес отбасының экономикалық қимылында, қимыл типіне бағытталу деңгейінде, көрініс тапты. Отбасылардың әлеуметтік-экономикалық таптарға бөлінуі осы жағдайдың аймақтық айырмашылықтармен аймақтағы экономикалық жағдаймен шарттастырылған, нарықтық реформалар жаңашылдық деңгейімен, ескі және жаңа өндірістік қатынастардың сәйкестігімен толықтырылады.

Табыс табумен анықталатын отбасының материалдық жағдайы оның экономикалық белсенділігіне байланысты. Экономикалық қызметтің жаңа формаларының пайда болуының маңызды нәтижесі отбасы кіріс құрылымының өзгерісі болып табылады. Мемлекеттегі көпқырлы экономика мен нарықтық қатынастардың қалыптасу үрдісінде жұмыспен қамтылудың жаңа формаларында жеке кіріс көзі өзгереді. Жеке кіріс көзінің жаңа формаларының (кәсіпкерлік қызметтен және әртүрлі меншік формаларынан түскен табыс) қалыптасуымен отбасы табыс көзінің дәстүрлі қалыптасқан үлесінің өзгерісі қатар жүреді.

XX ғасырдың 90-жылдары кәсіпкерлік қызметтен және жеке меншіктен түскен табыстың үлес салмағының маңызы зор. Толықтай қарастырғанда осындай жағдайды нарықтық қатынастар дамуының, халықты кәсіпкерлік қызметке тартудың нәтижесі болып табылады.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік статистика комитетінің бюджеттік сараптамаларына назар аударсақ, кәсіпкерлік қызметпен халықтың аз бөлігі (3%-ы) айналысады, кірістің осы көрсеткішінің өсуі табыстағы еңбекақының үлес салмағының төмендеуіне, көптеген жалдама-

лы жұмысшылар табысының азаюына кері әсер етеді. Бюджеттік сала мен ауылшаруашылық өндірістегі төмен жалақы және оның индексациясының инфляциялық үрдістерден артта қалуы отбасының экономикалық жағдайына кері әсер ететін маңызды фактор болып табылады. Бұндай кері әсердің маңыздылығы кедейшілік ауыртпалығымен біріккенде жоғарылай түседі. Кедейлік ауыртпалығы қалыптасқан ең төменгі жалақылық табыс көзі бар ата-анасының екеуі де мемлекеттің халық шаруашылығынан орта деңгейдегі еңбекақы алса да балалы отбасылар кедейлік шегінен де тыс қалады. Егер анасы 1 жасқа дейінгі бала күтімінде болып, тек қана әкесі орта деңгейдегі жалақы алса, отбасында тек бір ғана бала болғанның өзінде осындай отбасының жан басына шаққандағы табысы күнкөріс минимумынан төмен болады [2. С. 24].

Барлық балалы отбасылар топтарында 1990-1999 жылдар аралығында еңбек табысының үлесі төмендеді. Көпбалалы отбасыларда бұл көрсеткіштің маңызы айқын көрінді. Отбасылардың еңбек табысы үлесінің деңгейі балалы отбасы топтарында әртүрлі көрініс табады. Сонымен, 90-жылдардың бірінші жартысында 1 баласы бар отбасының еңбек табысының үлесі 80,7%; 3 балалы отбасында 66,6%; 4 және одан да көп баласы бар отбасында 55,7%. 90-шы жылдардың екінші жартысында бұл көрсеткіштер сәйкесінше: 76,1%, 57,4%, 40,5%-ды құрады. Бұл көрсеткіш көпбалалы отбасылардың экономикалық белсенділігінің деңгейінің төмендеуі мен отбасы мүшелерінің жеке қосалқы шаруашылықтарда, бақша және егін шаруашылықтарындағы белсенділігімен қатар жүрді [3].

Өтпелі кезеңнің дағдарыстық көріністері (өндіріс көлемінің төмендеуі, көптеген жылдар бойы қалыптасқан экономикалық қатынастың бұзылуынан жасырын түрдегі көрінісін қоса есептегенде жұмыссыздық масштабының жоғарылауы, әлеуметтік инфрақұрылымның бұзылуы, еңбекке ақы төлеудің төмен деңгейі) 90-шы жылдардағы көптеген отбасы табыстарының азаюы орын алды. Әсіресе нақты табыстың төмендеуі 1992 және 1998 жылдары байқалды. 1993-1994 және 1996-1997 жылдары бұл көрсеткіштердің ішінара жоғарылауы байқалса, ал 1995 және 1998 жылдары төмендеуі орын алды. 90-шы жылдардың бірінші жартысында нақты ақшалай табыстың орташа мөлшері 80%, ал бір

жұмысшының нақты жалақы аударылымы 1990 жылдардағыға қарағанда 70%, яғни айына орта есеппен 62-64 долларды құрады.


90-жылдары материалдық табыспен қамтамасыз етілген жұмысшылардың әртүрлі топтарға бөлінуі тездетілді. Жалақысы жоғары қазақстандықтардың 10%-ы мен жалақысы төмен қазақстандықтардың 10%-ның орташа табысының қатынасы, мысалы, 1999 жылы 32,1 рет, ал 2000 жылы 39,6 есе қатынасты құрады. Мұндай түбегейлі айырмашылықтыр дамыған елдерде болмайды және болуы да мүмкін емес. Көбінесе мұндай қалыпты емес дифференция миллиондаған азаматтардың жалақысының төмендігімен түсіндіріледі. Бюджеттік сараптамалардың көрсеткіші бойынша 43% жалдамалы жұмысшылардың жалақысы күнкөріс минимумынан төмен. Жалақысы орташа жұмысшылардың табысы барлық еңбекақы қаражатының 39%-ын құраса, бұл көрсеткіш жалақысы төмен жұмысшыларда 1%. Осы көрсеткіштердің арасындағы 40-дүркіндік айырмашылығы байлар мен кедейлердің арасындағы өзгешелікті тереңдетіп қана қоймай, қоғамдағы әлеуметтік қиыншылықтарды ұлғайтады [4, 39-40 б.].

Мысалы, қазақстандық отбасылардың 2001-2010 жылдар аралығында еңбек қызметіндегі кірісінің көлемі 77%-дан 81%-ға өсті; ал әлеуметтік трансферттер көлемі 17%-дан 15%-ға қысқарды; келесі 5 жыл ішінде өзін-өзі жұмыспен қамтудан түскен табыс көлемі 11,8%-дан 9,6%-ға төмендеді; халық табысының құрамындағы адрестік әлеуметтік жұмыс 0,1%-ды құрап отыр, сонымен қатар бұл көрсеткіштерді зерттеу олардың мемлекеттік бағдарламалар және саясатпен қатынасын қарастыра отырып, халықтың өмір сүру деңгейіне әсерін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл ақпараттар кәсіпкерлікке жағдай жасау механизмдерін түсіну және мемлекеттегі кедейлік пен теңсіздікті қысқарту үшін кірістерді нәтижелі бөлуге бағытталған кірістердің мемлекеттік саясатын құруға мүмкіндік береді.

2010 жылы Қазақстан Республикасында үй шаруашылығындағы ақшалай түсімдер құрылымының көп бөлігін еңбек қызметінен түскен кірістер (еңбекке ақы және кәсіпкерлік кірістер) құрайды, яғни 80,9%, үй шаруашылығы кірістерінің барлығының ішінде: жалданып жұмыс істеуден түскен кіріс 71,3%; өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс

9,6%; зейнетақы 11,9%; шәкіртақы 0,3%; адрестік әлеуметтік көмек (АӘК) және тұрғын үймен

қамтамасыз ету 0,1%; туыстардың материалдық көмегі, алименттер, басқа кірістер 3,3%.



1-сурет – Қазақстан Республикасы халқының 2010 жылғы ақшалай кірісінің құрылымы
 Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [5]

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Қазақстандық әлеуметтік зерттеулер институтының 2011 жылы жүргізілген зерттеулерінің нәтижесі бойынша халықтың 56,7%-ының кірістерінің негізгі көзі еңбекақы болып табылады, оның ішінде 8,9%-ының қосымша табыс көзі бар, бірақ ол үнемі емес; ал 3,4%-ының үнемі қосымша табыс көзі бар. Халықтың 8,3%-ының кіріс көзі жеке кәсіпкерлік қызметінен түскен түсім болып табылады. Респонденттердің 11%-ы кездейсоқ жалақымен күн көреді [6].

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша үй шаруашылықтарының 45,7%-ы мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда жұмыс істеу арқылы табыс табады (бұл, біздің ойымызша, халықтың кірістерін құруда мемлекеттік саясат рөлінің жоғары екендігін көрсетеді). Ал 44,1%-ы мемлекеттік емес ұйымдарда жұмыс істеу арқылы, 13,3%-ы жеке тұлғаларда және шаруа қожалықтарында жалданып жұмыс істеу арқылы, 11,4%-ы өзін-өзі жұмыспен қамту арқылы, ал 1,1%-ы жеке кәсіпкерліктен табыс табады.




2-сурет – 2010 жылғы ҚР үй шаруашылығының кіріс көздері
 Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [5]

Жауап алынғандардың 35,8%-ы үй шаруашылығының тағы бір кіріс көзі ретінде жеке қосалқы шаруашылықтан (өздерінің тұтыну тауарларын өндіруге арналған) түскен табысты көрсетті. Жеке меншіктен түскен табысты кіріс көзі ретінде көрсеткен респонденттер 1,1%, депозит пен салымдар бойынша 1,2%, жылжымайтын мүліктен түскен табыс 2,2%.

Қазақстандық отбасылардың ақшалай кірістері құрылымының динамикасын қарастыратын болсақ, 2001-2010 жылдар аралығында айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Осы он жыл ішінде еңбек

кірісінің үлес салмағы 2001 жылы 77%-дан 2010 жылы 81%-ға өсті және осы жоғарғы қалпында қалып отыр. Соған қарамастан әлеуметтік трансферттер үлесі 2%-ға төмендеді және 2010 жылы 15%-ды құрады, басқа да әлеуметтік түсімдер 2%-ға азайды. Отбасы кірісінің құрамындағы жалданып жұмыс істеуден түскен кіріс үлесі 2006 жылғы 67,9%-дан 2010 жылы 71,3%-ға өсті. Осыған байланысты мемлекеттегі кедей халық үлесі динамикасының өзгеруі мен жағдайды жақсартуға қол жеткізудің басты көзі жалдамалы жұмыстың еңбекақысы болып табылады.



3-сурет – Қазақстан Республикасы халқының 2001-2010 жж. ақшалай кірісі құрылымының өзгерісі
Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [5]


Халық кірістерінің құрамындағы жеке меншіктен түскен кіріс үлесі мен кәсіпкерлік қызметтен түскен кіріс үлесін анықтаудың маңызы зор. Соңғы жылдары Қазақстанда орын алған шағын бизнес масштабының кеңеюі мен қаржылық инфрақұрылымның дамуы жеке меншіктен және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер үлесінің артуын қамтамасыз етуі тиіс, сонымен бірге халықтың ақшалай кірісінің құрамындағы бұл көрсеткіштердің үлесі өсуі қажет. Бірақ Қазақстанда жеке меншіктен түсетін кірістің үлесі төмен деңгейде: 2001-2009 жылдар аралығында 0,4%-дан 0,7%-ға өсті, ал 2010 жылы 0,5%-ға кеміді. 2006-2010 жылдар аралығындағы өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістердің үлесі тұрақты кему тенденциясында болды: 2006 жылғы 11,8%-дан 2010 жылы 9,6%-ға төмендеді [6].

Әлеуметтік трансферттердің кірістердің жалпы көлеміндегі үлесі айтарлықтай өзгермеді және 2010 жылғы жағдай бойынша 15%-ды құрады. Яғни халықтың ақшалай кірісінің негізгі құраушылары: еңбек қызметінен түскен кіріс және әлеуметтік трансферттер 2001-2010 жылдар аралығында бірдей қарқында өсіп отырды, осыдан келіп күшті құрылымдық қайта бөлулер болмады.

Қазақстанның қалалық және ауылдық жерлерінде тұратындардың үй шаруашылығындағы кіріс құрылымдарының арасында айтарлықтай ерекшеліктері бар. 2010 жылы қалалық жерлердегі үй шаруашылығының кірісі келесі табыс көздерінен: жалданып жұмыс істейтіндердің еңбекақысынан (75,1%), жеке және кәсіпкерлік қызметтен түскен табысынан (6,6%), сонымен қатар зейнетақыдан (11,6%) құралды. Ауылдағы

үй шаруашылығы кірісінің көп бөлігін жалданып жұмыс істейтіндердің еңбекақысы (63,5%) құрады, бірақ бұл қаладағыға қарағанда салыстырмалы түрде төмен болды. Сонымен қатар ауылда да кірістің айтарлықтай бөлігін шаруа қожалықтары

мен жеке қосалқы шаруашылықтарда өндірілген ауыл шаруашылық өнімдерін сатудан жиналған ақшалай түсімдерден қалыптасқан жеке және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыстар (15,8%) құрады.



4-сурет – ҚР 2006-2010 жылдар аралығындағы өзін-өзі жұмыспен қамту, жеке және кәсіпкерлік қызмет бойынша халық кірісінің динамикасы

Ескерту: Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша құрылған [5].

1-кесте – 2006-2010 жылдар аралығындағы қалалық және ауылдық жерлердегі халықтың ақшалай кірісінің құрылымы, %

Ақшалай кірістер құрылымы	2006		2007		2008		2009		2010	
	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл	қала	ауыл
Жалдамалы жұмыс	72,5	56,2	74,6	62,5	74,1	62,9	73,2	66,1	75,1	63,5
Өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызмет	8,2	20,8	7,3	19,1	7,0	19,5	7,1	14,5	6,6	15,8
Зейнетақы	12,1	13,1	11,1	10,1	12,1	10,4	12,3	11,2	11,6	12,6
Жәрдемақы	2,6	4,9	2,3	3,8	2,4	3,8	2,7	4,1	2,5	4,1
АӘК және тұрғын үймен қамтамасыз ету	0,1	0,2	0,0	0,1	0,0	0,1	0,1	0,1	0,1	0,1
Шәкіртақы	0,2	0,2	0,2	0,1	0,2	0,1	0,3	0,3	0,3	0,4
Жекеменшік	0,8	0,4	0,9	0,3	0,8	0,4	0,9	0,4	0,6	0,2
Туыстардың көмегі, алименттер, басқа да кірістер	3,5	4,2	3,6	4,0	3,4	2,8	3,4	3,3	3,2	3,3
Барлығы:	100	100	100	100	100	100	100	100	100	100

Ескерту: ҚР статистика агенттігінің материалдарынан [5].

Ауылда зейнетақы мен жәрдемақының үлесі жоғары, тіпті жәрдемақы бойынша айтарлықтай айырмашылық бар – қалада 2,5% болса, ауылда 4,1% оның себебі бала туылу деңгейінің жоғарылығымен түсіндіріледі. АӘК және тұрғын үймен қамтамасыз ету қаладағы және ауылдағы халық кедейлігінің 0,1%-ын құрап отыр, бұл туысқандар тарапынан көрсетілетін көмектен 33 есе төмен.

Мемлекеттің ресми статистикалық көрсеткіштеріне сәйкес, еңбекақы төлеудің аймақтар бойынша айырмашылығы осы салада айтарлықтай олқылықтардың бар екенін көрсетеді. Аймақтар бойынша еңбекақы мөлшерінің күрт өзгерісі жұмысшылардың мамандықтары мен қызметтері бойынша өзгерісінің маңыздылығын айқындайды. Қазіргі күні еңбекақы мөлшері білім деңгейін, кәсібилік деңгейін, еңбектің өнімділік және нәтижелілік деңгейін де анықтамайды. Елде бүгінгі күні болып жатқан процестерге байланысты еңбекақы тетіктерін батыл қайта құруын реттеудің ұжымдық-келісімдік әсерінің қажеттілігі туындайды.

Мемлекеттің жылдан-жылға денсаулық сақтау және білім беру саласындағы қызметкерлерінің еңбекақысын көтеруге байланысты бағдарламалар қабылдайды. Бірақ қазірге дейін кедейлердің табысы мен оның құрамы, білім беру, сауда мен қоғамдық қоректену, денсаулық сақтау мен әлеуметтік қызмет, ауылшаруашылығы саласындағы қызметтен түскен табыс құрайды. Жұмыспен қамтудың жалақысы төмен қызметтері – денсаулық сақтау мен білім беру саласы.

Көптеген ғалымдардың пікірінше (Karoly 1993; Burkhauser және басқалар. 1996; Gottschalk, Smeeding 1997 және басқалар), еңбекақы мөлшеріндегі өзгерістер жеке табысты бөлудегі теңсіздіктің өсуінің негізгі себебі болып табылады, бұл құбылыс XX ғасырдың 80-жылдарынан

бастап барлық дамыған елдерде байқалып отыр. Lawrence E. Raffalovich, Shannon M. Monnat және Huishien Tsa (2009) [7] жүргізген зерттеулері барысында анықталғандай, үй шаруашылығының отбасылық табысының негізгі құраушысы жұмыспен қамтудан түскен табыс, ал аз қамтылған үй шаруашылықтары үшін бұл құраушылар әлеуметтік жәрдемақылар болуы мүмкін. Pierre Fréchet [7] айтуы бойынша, нарықтық экономикада адамдар өздерінің табысын жалданған болса, жалақысынан, кәсіпкер немесе жалға беруші болса, кіріс ретіндегі табыстан, егер жеке меншігі болса түскен табыстан жинайды. Солай бола тұра, бұл кірістердің 85%-ын ғана жалақы құрайды.

2001-2010 жылдар аралығында номиналды орташа айлық еңбекақы өсу темпі мөлшерінің орташа жылдық көрсеткіші 19,8%-ды құрады. Сонымен қатар нақты еңбекақының мөлшерінің өсімі де белгіленген – 2001-2010 жылдардағы оның орташа жылдық көрсеткіші 7,9%-ға жетті.

Sarah O'Hara мен Michael Gentile өздерінің «Household Incomes in Central Asia: The Case of Post-Soviet Kazakhstan» [8] зерттеулерінде 2000 жылдан бері Қазақстан экономикасының өсімін орта есеппен 10% сипаттайды, бұл жанама зерттеулерден-ақ көрінетіндей, өмір сүру деңгейін көтеруге де септігін тигізгенін айқындаған.

Осылайша, Қазақстандағы үй шаруашылығы табысының ақшалай кірісінің құрамы соңғы онжылдықта айтарлықтай өзгермеді. Үй шаруашылығының негізгі кіріс көзі еңбекақы болып табылады, бірақ еңбекке ақы төлеудің аймақтық және салалық өзгерістері көптеп байқалады. Табыс құрамындағы кәсіпкерліктен түскен кіріс әлеуметтік трансферттер үлесінен төмен (2010 жылы табыс құрамындағы әлеуметтік трансферттер үлесі 15,3%, ал өзін-өзі жұмыспен қамту және кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс үлесі 9,6%).

Әдебиеттер

1. Бодрова В.В. Семья в переходный период: социально-психологические проблемы / В. В.Бодрова// Экономические и социальные перемены: мониторинг общественного мнения. Информационный бюллетень ВЦИОМ. – 1995.
2. Зубова Л.Г. Личные доходы: сравнение данных официальной статистики и результатов социологического мониторинга / Л.Г. Зубова // Информационный бюллетень ВЦИОМ. – 1995. – 3.
3. Мониторинг социально-трудовой сферы 1994–1998. – М.: Минсоцзащиты РК, 1999.
4. Пьянов А.И. Социальный институт семьи в период трансформации общественного строя в России: монография / А. И. Пьянов. – Ставрополь: СевКавГТУ, 2006.
5. www.stat.kz, ҚР статистика агенттігінің материалдары.
6. Социально-политическая стратификация казахстанского общества (по результатам социологического исследования КИСИ и научно-исследовательского проекта ИФиП) Научное издание. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, Институт философии и политологии КН МОН РК, 2011. – с.15
7. Lawrence E. Raffalovich, Shannon M. Monnat, Hui-shien. Family income at the bottom and at the top: Income sources and family characteristics // Research in Social Stratification and Mobility 27 (2009) 301-309.
8. Pierre Fréchette. Определение факторов распределения дохода//http://www._thecanadianencyclopedia.com/index
9. Sarah O'Hara, Michael Gentile Household Incomes in Central Asia: The Case of Post-Soviet Kazakhstan // Eurasian Geography and Economics, Volume 50, Number 3, May-June 2009, P. 32.

References

1. Bodrova V.V. Sem'ya v perekhodnyi period: sotsial'no-psikhologicheskie problem/ Bodrova V.V.//Ekonomicheskie i sotsial'nye peremeny: monitoring obshchestvennogo mneniya. Informatsionnyi byulleten' VTSIOM. – 1995.
2. Zubova L.G. Lichnye dokhody: sravnenie dannykh ofitsial'noi statistiki i rezul'tatov sotsiologicheskogo monitoring / L.G. Zubova // Informatsionnyi byulleten' VTSIOM. 1995.2.
3. Monitoring sotsial'no-trudovoi sfery 1994-1998. – М.: Minsotszashchity RK, 1999.
4. P'yanov A.I. Sotsial'nyi institute sem'i v period transformatsii obshchestvennogo stroya v Rossii: monografiya / A.I. P'yanov. – Stavrapol': SevKavGTU, 2006.
5. www.stat.kz, KR statistika agenttiginin materialdary.
6. Sotsial'no-politicheskaya stratifikatsiya kazakhstanskogo obshchestva (po rezul'tatam sotsiologicheskogo issledovaniya KISI i nauchno-issledovatel'skogo proekta IFiP) Nauchnoe izdanie. – Almaty: KISI pri Prezidente RK, Institut filosofii i politologii KN MON RK, 2011. – s.15
7. Lawrence E. Raffalovich , Shannon M. Monnat, Hui-shien. Family income at the bottom and at the top: Income sources and family characteristics // Research in Social Stratification and Mobility 27 (2009) 301-309.
8. Pierre Fréchette. Opredelenie faktorov raspredeleniya dokhoda.// <http://www.thecanadianencyclopedia.com/index>
9. Sarah O'Hara, Michael Gentile Household Incomes in Central Asia: The Case of Post-Soviet Kazakhstan// Eurasian Geography and Economics, Volume 50, Number 3, May-June 2009, P. 327